

УДК 331.526

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

Купеева Асемгуль Ерназаровна

kupeeva.asemgul@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің магистранты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Байжолова Р.Ә.

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері ұлттық экономиканың өте маңызды элементі болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері халықты жұмыспен қамтудың келесідей бағдарламалары шеңберінде еңбек нарығын белсенді қадамдармен дамытқаны белгілі: Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдардағы бағдарламасы, Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы, Жұмыспен қамтудың жол картасы, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы. Аталған бағдарламалардың барлығы өз кезеңіндегі экономикалық жағдайға байланысты әзірленді және іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2020 жылы жалпы ел бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады. Бұл Халықаралық Еңбек ұйымы көрсеткендей әлемдік орташа көрсеткіш 5,6%-дан төмен болып келеді. Қалыптасқан теңгерім жұмыспен қамтуды ынталандырудың мемлекеттік бағдарламаларының сәтті тәжірибесімен түсіндіріледі [1].

Төмендегі 1-кестеден 2011 жылдан бастап әр түрлі атаумен іске асырылған және қазіргі таңда іске асырылып жатырған жұмыспен қамту бағдарламаларына сипаттама берілген. Бағдарламалардың жалпы бюджеті 836 млрд. теңгені құрады. 2011-2019 жылдар аралығында аталған бағдарламалардың қызметін шамамен 2 092,1 мың.адам пайдаланды.

Кесте – 1. Жұмыспен қамту саласында жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар

№	Мемлекеттік бағдарламаның атауы	Жүзеге асырылған кезеңдері	Бөлінген қаражат көлемі	Қатысушылар саны
1	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы	2011-2012	95 млрд.теңге	161,6 мың.адам
2	Жұмыспен қамтудың 2020 жол картасы	2013-2016	360 млрд.теңге	631,1 мың.адам
3	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы	2017-2021	381 млрд.теңге	1 299,9 мың адам

Ескерту: [2] деректері негізінде автор құрастырды.

Алғашқы екі бағдарламаның миссиясы, ең алдымен, мұқтаж, аз қамтылған ауыл тұрғындарын қолдау, кедейліктің жалпы деңгейін төмендету, сондай-ақ жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету болды. Мысалы, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының міндеттері үш тармаққа сәйкес келеді: өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарды

экономикалық жұмыспен қамтуға тарту, елдің кадрлық әлеуетін дамыту және атаулы әлеуметтік көмек жүйесін жетілдіру.

Ал Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының міндеттері 11 тармақты қамтиды. Олардың ішінде техникалық білімі бар кадрларды даярлау, қысқа мерзімді даярлау және қайта даярлау, кәсіпкерлік негіздерін оқыту, қалада және ауылда шағын несиелерді кепілдендіру, жаңа бизнес-идеяларға мемлекеттік гранттар және жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаңды дамыту бар [3].

1-суретте «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың үлесі көрсетілген. Қатысушылардың басым бөлігі уақытша жұмыс орындарын құру (қоғамдық жұмыс орындары мен әлеуметтік жұмыс) және біліктілікті арттыру бағыттары (біліктілігін арттырғысы келетіндерге арналған курстар) аясында қамтылғандығы анықталды. Алайда осы жерде бағдарламаның нәтижелі жұмыспен қамтуға бағдарланғандығы жөнінде сұрақ туындайды. Өйткені, ұсынылған деректерге сүйене отырып, уақытша жұмысқа орналастыру және біліктілігін арттыру бағыттары басым үлесті құрағандығын байқадық.



Сурет - 1. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың үлесі
Ескерту: [1] деректері негізінде автор құрастырды.

Төмендегі SWOT-талдау (2-кесте) негізінде жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатырған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының күшті және әлсіз жақтарын, қолайлы мүмкіндіктері мен қаупін көрсететін жалпы сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді [4].

Кесте – 2. Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды SWOT-талдау («Еңбек» бағдарламасы мысалында)

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> - қаржыландырудың максималды көлемі; - бағдарламаның мемлекеттік органдар және квазимемлекеттік сектормен бірлесе жүзеге асырылуы; - микронесиелеу; - бағдарламаның көпкомпоненттілігі. 	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыссыздық деңгейінің төмендемеуі; - көп жағдайда уақытша жұмыс орындары құрылуда; - қаржыландырудың күрделі схемасы; - мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін баламалы бағалаудың жоқтығы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік қолдау; - реформалар мониторингі орталығын құру. 	<ul style="list-style-type: none"> - бағдарламаның нысаналы индикаторларының орындалмауы; - қаражатты жұмсалу тиімділігін бақылаудың қиындығы.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын айқындайтын негізгі мәселелердің бірі - жұмыспен қамту мәселесі. Әрине, осыған байланысты мемлекеттің еңбек нарығын дамытуға және жұмыссыздықты азайтуға бағытталған, бірқатар мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекеттері өте маңызды. Сондықтан, мемлекеттік бағдарламалардың сапасы, оларға енгізілген тәсілдер, нәтижелелілігі одан да маңызды.

Қорыта келе, жұмыспен қамту саласындағы оң нәтиже тек мемлекеттің макроэкономикалық саясатына және экономиканың тұрақтануына байланысты ғана емес, мүдделі мемлекеттік органдардың тиімді жұмысына, іске асырылған мемлекеттік бағдарламаларға да байланысты екенін атап өткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері
2. <https://kursiv.kz/news/biznes/2019-11/gosprogramma-enbek-na-cto-potracheny-750-mlrd-tenge>
3. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы/<https://adilet.zan.kz>
4. «Госпрограмма «Еңбек»: реализация, результаты, эффективность». Economist.kz – онлайн площадка, <https://ekonomist.kz/>

УДК 330.1

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРОДВИЖЕНИЯ ТОВАРА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

**Қазымбаева Арна Бейбітқызы
Каиргазинова Мадина Ораловна**

Восточно-Казахстанский технический университет им. Д.Серикбаева,
г.Усть-Каменогорск, Казахстан
Научный руководитель - И.П. Дронсейка

Около года назад Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) официально признала вспышку коронавируса пандемией. По прошествии времени можно утверждать, что так называемая новая реальность затронула практически все аспекты жизни казахстанцев. Жить и работать как прежде стало невозможно. Так многие граждане, ранее работавшие в пострадавших секторах экономики, на сегодняшний день остались без источников дохода. Для их поддержки были предусмотрены и произведены социальные выплаты из Государственного фонда социального страхования.

Также негативное влияние на экономику Казахстана в последнее время оказывали и внешние факторы, вызванные пандемией: это и падение цен на нефть, и закрытие границ, и сокращение взаимодействия с другими государствами. Для поддержки экономики правительство разработало пакет антикризисных мер, включавший в себя льготное кредитование бизнеса, освобождение от уплаты налогов в пострадавших секторах экономики, запуск дорожной карты занятости, выплаты пособий гражданам, оставшимся без заработка и многое другое. На эти мероприятия были использованы средства республиканского бюджета, а также внебюджетные средства.

По итогам года больше всего пострадала сфера услуг, завершившая год с минусовым показателем темпа роста в 5,6%. Зато в сфере информации и связи наблюдался рост на 8,6%, в сельском хозяйстве – на 5,6% и в образовании – на 2,3%. В целом в 2020 году ВВП Казахстана упал на 2,6%.